

Ломбард «Доверие » ЖШС
жалғыз қатысушысының шешімімен
БЕКІТІЛДІ
«26» тамыз 2024ж.

ЛОМБАРД «ДОВЕРИЕ »
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІНІҢ
МИКРОКРЕДИТТЕРДІ ҰСЫНУ
ЕРЕЖЕСІ

Астана қ., 2024 ж.

Жалпы ережелер:

1.1 «Ломбад «Доверие» ЖШС-нің микрокредиттер мен өзге де қызметтерді ұсынудың осы Ережесі (бұдан әрі – «Ереже») Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес әзірленген және Ломбардта микрокредит беру мен заттарды сақтаудың тәртібін, шарттарын, негізгі қағидаттарын айқындайды.

1.2. Ереженің көшірмесі «Ломбард «Доверие» ЖШС (бұдан әрі – «Ломбард») филиалдарының клиенттеріне қызмет көрсету аймағында, оның ішінде Ломбардтың www.lombarddoverie8@gmail.com. интернет-ресурсында орналастырылады;

1.3. Микрокредит беру туралы шартты және кепілге салу билетін (бұдан әрі – «Микрокредит шарты»)/Сақтау шартын атаулы сақтау түбіртегін (бұдан әрі – «Сақтау шарты») беру арқылы ресімдеу 18 жастан асқан тұлға жеке басын куәландыратын құжатты: Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігін немесе төлқұжатын, шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхатын, азаматтығы жоқ тұлғаның куәлігін, шетелдіктің жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН) болған жағдайда шетелдік паспортты көрсеткен кезде ғана жүзеге асырылады.

2 Ломбард құқылы:

2.1 Қарыз алушыдан/Сақтауға зат тапсырушыдан Микрокредит шартын/Сақтау шартын жасау үшін қажетті мәліметтерді - тіркеу мекенжайын, нақты тұратын мекенжайын, байланыс деректерін және өзге де мәліметтерді сұратуға;

2.2. Қарыз алушының/Сақтауға зат тапсырушының келісімімен Қарыз алушының/Сақтауға зат тапсырушының дербес деректерін қағаз және электрондық жеткізгіштерде жинауды, сақтауды және өңдеуді жүзеге асыруға, ол туралы ақпаратты кредиттік бюроға және ішкі істер органдарына беруге, кепіл мүлкін соттан тыс тәртіппен сатуға, кез келген хабарламаларды, оның ішінде жарнамалық сипаттағы смс-хабарламалар, Қарыз алушының/Сақтауға зат тапсырушының ұялы нөміріне жіберілген WhatsApp-хабарламалар, Ломбардтың жеке кабинетінде (сайтта, мобильді қосымшада) PUSH хабарламаларды жіберуге, ал Қарыз алушы/Сақтауға зат тапсырушы оларды тиісті хабарлама ретінде қабылдайды;

2.3. егер бұл Микрокредит шартында көзделсе, Микрокредит шарты бойынша құқықты (талапты) үшінші тұлғаларға беруге.

3.Ломбард міндетті:

3.1. Шарт (бұдан әрі - талап ету құқығын басқаға беру шарты) бойынша Ломбард құқығының (талап ету) үшінші тұлғаға өту талаптары қамтылған Шартты (бұдан әрі - талап ету құқығын басқаға беру шарты)жасау кезінде Қарыз алушыны (өкілді) хабардар етуге:

- талап ету құқығын басқаға беру шарты жасалғанға дейін құқықтардың (талап етулердің) үшінші тұлғаға өту мүмкіндігі туралы, сондай-ақ осындай басқаға беруге байланысты Қарыз алушының дербес деректерін шартта көзделген не Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін тәсілмен өңдеу туралы;

- Шартта көзделген немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшылық тудырмайтын тәсілмен үшінші тұлғаға құқықтардың (талап етудің) ауысуы туралы, үшінші тұлғаға микрокредитті өтеу бойынша одан арғы төлемдердің тағайындалуын (шарт бойынша құқық (талап ету) өткен тұлғаның атауы және орналасқан жері), берілген құқықтардың (талаптардың) толық көлемін, сондай-ақ негізгі борыштың, сыйақының, өсімпұлдың (мерзімін өткізіп алғаны үшін пайыздың) мерзімі өткен және ағымдағы сомаларының қалдықтарын және төленуге жататын басқа да сомалардың қалдықтарын көрсете отырып, талап ету құқығын басқаға беру шарты жасалған күннен бастап күнтізбелік 30 күн ішінде;

3.2. Қарыз алушыны шартта көзделген тәсілмен және мерзімде, бірақ мерзімі өткен күннен бастап 10 күнтізбелік күннен кешіктірмей хабардар етуге:

- Шарт бойынша міндеттемелерді орындау бойынша мерзімін өткізіп алудың туындауы және хабарламада көрсетілген күні мерзімі өткен берешектің мөлшерін көрсете отырып, төлемдерді төлеу қажеттігі туралы;

- Шарт бойынша Қарыз алушының Ломбардқа жүгіну құқығы туралы;

- Қарыз алушының Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауының салдарлары туралы.

Хабарлама, егер ол Қарыз алушыға мынадай тәсілдердің бірімен жіберілсе, жеткізілді деп есептеледі:

- Шартта көрсетілген электрондық пошта мекенжайына жіберу;

- Шартта көрсетілген тұрғылықты жері бойынша оның табыс етілгені туралы хабарламасы бар тапсырыс хатпен жіберілген, оның ішінде көрсетілген мекенжайда тұратын отбасының кәмелетке толған мүшелерінің бірі алған;

- жеткізуді тіркеуді қамтамасыз ететін Шарттың 5.1-тармағының 4-тармақшасына сәйкес өзге де байланыс құралдарын пайдалана отырып.

3.3. Қарыз алушының өтінішін алған күннен кейін 15 күнтізбелік күн ішінде Шарттың шарттарында ұсынылған өзгерістерді қарауға және Қарыз алушыға жазбаша нысанда келесілер туралы хабарлауға:

- Шарттың шарттарына ұсынылған өзгерістермен келісу туралы;

- берешекті реттеу жөніндегі өз ұсыныстары туралы;

- бас тарту себептерінің дәлелді негіздемесін көрсете отырып, Шарттың шарттарын өзгертуден бас тарту туралы;

3.4. Ломбард жақсарту шарттарын қолданған кезде Шарттың шарттарының өзгергені туралы Қарыз алушыны хабардар етуге;

3.5. тараптар қол қойған микрокредитті өтеу кестесін Шартқа қоса беруге.

Қарыз алушының ақшалай міндеттемелері сомасының (мөлшерінің) және (немесе) оларды төлеу мерзімінің өзгеруіне әкеп соғатын микрокредит талаптары өзгерген кезде Ломбард жаңа шарттарды ескере отырып, Қарыз алушыға микрокредитті өтеудің жаңа кестесін жасайды және береді.

4. Қарыз алушы/Сақтауға зат тапсырушы құқылы:

4.1. Ломбардпен Микрокредит шарты/ Сақтау шарты жасалғанға дейін осы Ережемен, Ломбардтың ұсынылатын микрокредиттер, Ломбардта заттарды сақтау қызметтері бойынша тарифтерімен танысуға;

4.2. алынған микрокредитке өз қалауы бойынша билік етуге;

4.3. Кепіл мүлкін бағалау сомасына сәйкес немесе Шарт бойынша міндеттемелерді мерзімінде орындау мүмкін болмаған жағдайларда Кепіл мүлкін Сақтау шарты бойынша сақтауға беруге.

4.4 Шарт бойынша міндеттемені орындау мерзімін өткізіп алған күннен бастап күнтізбелік 30 күн ішінде Шарт бойынша міндеттемені орындау мерзімін өткізіп алудың туындау себептері, табыстар және басқа да расталған мән-жайлар (фактілер) және Шарттың шарттарына өзгерістер енгізу, оның ішінде Шарт бойынша міндеттемені орындау мерзімін өткізіп алудың туындау себептері туралы мәліметтерді қамтитын жазбаша өтінішпен Ломбардқа жүгінуге:

- сыйақы мөлшерлемесін немесе Шарт бойынша сыйақы мәнін азайту жағына қарай өзгертумен;

- негізгі борыш және (немесе) сыйақы бойынша төлемді кейінге қалдырумен;

- берешекті өтеу әдісін немесе берешекті өтеу кезектілігін, оның ішінде негізгі борышты басым тәртіппен өтей отырып өзгертумен;

- микрокредиттің мерзімін өзгертумен;

- мерзімі өткен негізгі борышты және (немесе) сыйақыны кешірумен, микрокредит бойынша өсімпұлды (мерзімін өткізіп алғаны үшін пайызды) алып тастаумен;

- кепілге салынған мүлікті Ломбардқа беру арқылы Шарт бойынша міндеттемені орындаудың орнына шегінбені ұсынумен.

4.5. Қарыз алушы Ломбардтың Шарт талаптарын өзгертуден бас тарту туралы шешімін алған күннен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде немесе Шарт талаптарын өзгерту туралы өзара қолайлы шешімге қол жеткізілмеген кезде Ломбардты бір мезгілде хабардар ете отырып, уәкілетті органға жүгінуге құқылы

4.6. көрсетілетін қызметтер бойынша даулы жағдайлар туындаған кезде Ломбардқа жазбаша

хабарласуға.

5.Қарыз алушы/Сақтауға зат тапсырушы міндетті:

5.1 Микрокредит шартын/Сақтау шартын жасау кезінде Ломбардтың смс/WhatsApp-хабарламаларын алу үшін Ломбардқа қолданыстағы ұялы телефон нөмірін хабарлауға;

5.2 ұялы телефон нөмірі өзгерген күннен бастап 2 күннен кешіктірмей Ломбардқа жаңа нөмірді жазбаша хабарлауға.

5.3 Ломбардқа сақтауға берілген Кепіл мүлкі/зат металл, отқа төзімді, сындыруға төзімді сейфтерде күзет және өртке қарсы қауіпсіздік жүйелерімен жабдықталған, құлыппен жабылатын есігі бар оқшауланған үй-жайда сақталады.

5.4 Ломбард сақтауға берілген Кепіл мүлігінің/затының жоғалғаны үшін оның бағалау құны мөлшерінде, ал оның бүлінгені үшін - егер жоғалту немесе зақымдану еңсерілмейтін күштің салдарынан болғанын дәлелдей алмаса, кепілге берілген мүліктің/заттың Ломбардқа беру кезінде сақтауға берілген бағаланған сомасына қарамастан, осы құн төмендеген сома мөлшерінде жауапты болады.

5.5 Ломбард тиісті хабарламаларды жіберу кезінде кез келген телефон және интернет-желілердің, операторлардың/ қызметтердің кез келген техникалық ақаулары мен өзге де проблемалары үшін, Қарыз алушы/Сақтауға зат тапсырушы ұсынған ұялы телефон нөмірінің дұрыс еместігі немесе жарамсыздығы үшін, Қарыз алушының/Сақтауға зат тапсырушының нөмірінің ауысуы туралы уақтылы алынбаған ақпарат үшін жауапкершілікті көтермейді.

5.6 Ломбард Ломбардта микрокредит беру/заттарды сақтау құпиясына кепілдік береді. Ломбардта сақталатын Қарыз алушының/Сақтауға зат тапсырушының дербес деректері туралы, микрокредит сомасы және кепіл мүлкі/сақтауға арналған заттар туралы барлық ақпарат құпия болып табылады және Қазақстан Республикасының заңнамасында тікелей көзделген жағдайларды қоспағанда, үшінші тұлғаларға кез келген нысанда ашуға жатпайды.

5.7 Қарыз алушы/Сақтауға зат тапсырушы Микрокредит шартына/Сақтау шартына қол қоя отырып, осы Ережелерде қамтылған шарттармен келіседі.

6. Микрокредитті беру туралы шарт жасасу тәртібі лимиттік сомалар мен қамтамасыз ету шарттары:

6.1 Өтініш берушінің ауызша өтініші (арызы) негізінде Ломбард қызметкері микрокредит берудің түрлері мен шарттары бойынша толық ақпарат береді. Тараптардың келісімі бойынша Микрокредит шарты жасалады.

6.2. Микрокредит шарты Қазақстан Республикасы азаматтық заңнамасының мәміленің жазбаша нысанына қойылатын талаптары ескеріле отырып жасалады және уәкілетті органның нормативтік актісінде белгіленген міндетті талаптардың тізбесін қамтиды. Ломбард пен Қарыз алушының өз еркін білдіруінің мазмұнын айқындайтын электрондық құжаттармен немесе өзге де құжаттармен алмасуы Микрокредит шартын жазбаша түрде жасауға теңестіріледі.

6.3. Микрокредит шарты бойынша ақпарат Қазақстан Республикасының кредиттік бюролар және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы заңнамасында айқындалған шарттарда мемлекет қатысатын кредиттік бюроға міндетті түрде берілуге тиіс.

6.4. Кез келген валюталық баламаға байланыстыра отырып, теңгемен берілген Микрокредит шарты бойынша міндеттемелер мен төлемдерді индекстеуге жол берілмейді.

6.5. Ломбард Қарыз алушы үшін жақсартылған жағдайларды қоспағанда, Микрокредит шартының шарттарын біржақты тәртіппен өзгертуге құқығы жоқ. Қарыз алушы үшін Микрокредит шартының шарттарын жақсарту ретінде түсініледі:

- тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) азайту немесе толық жою жағына өзгерту;
- Микрокредит шарты бойынша сыйақы мөлшерлемесін азайту жағына өзгерту.

6.6. Азаматтарға микрокредит беру алтыннан жасалған зергерлік және өзге де бұйымдарды, сондай-ақ олардың бөліктерін (сынықтарын) 583-тен 999 сынамаға дейін кепілге қою арқылы жүргізіледі.

6.7. Микрокредит сомасы таза алтынның мазмұнына, алтынның ағымдағы биржалық құнына, бұйымда гауһар тас пен Ломбардтағы Қарыз алушының кредиттік тарихына байланысты болады. Микрокредиттің ең жоғары сомасы 8 000 АЕК.

6.8. Микрокредит беру мерзімі - микрокредит берілген күннен бастап 30 күнтізбелік күнге дейін. Микрокредитті пайдаланғаны үшін сыйақыны Қарыз алушы микрокредитті пайдаланған күндердің нақты саны үшін төлейді (кейінгі төлем). Қарыз алушының қалауы бойынша ұзарту Ломбардтың кез келген филиалында, сондай-ақ Ломбардтың жеке кабинетінде (сайтта, мобильді Қосымшада) жүзеге асырылуы мүмкін. Микрокредитті өтеу әдісі - Қарыз алушының қалауы бойынша бір жолғы төлеммен немесе ішінара төленеді (бөліп-бөліп)

6.9. Егер Микрокредит шартымен ұзартуға тікелей тыйым салынбаған болса, Микрокредит шартының қолданылу мерзімі микрокредитті пайдаланғаны үшін сыйақыны толық көлемде уақтылы төлеген жағдайда ұзартылуы мүмкін. Микрокредит шартының қолданылу мерзімі ұзартылған кезде Ломбард жаңа Микрокредит шартын ресімдейді.

6.10. Микрокредит мерзімі аяқталған күннен бастап Қарыз алушыға мерзімі Микрокредит шартында көрсетілетін Кепілдікті күту кезеңі беріледі. Кепілдікті күту кезеңінде микрокредитті пайдаланғаны үшін күніне сыйақы мөлшерлемесіне қосымша Ломбард Микрокредит шартында көзделген мөлшерде өсімақы (мерзімін өткізіп алғаны үшін пайыз) есептеуге құқылы.

6.11. Егер осындай өтеу күніне микрокредит сомасы 5 000 теңгеге тең немесе одан асатын болса, Қарыз алушының Ломбардтың кез келген филиалында микрокредит сомасын ішінара өтеуге (бұдан әрі – «Ішінара өтеу») жол беріледі. Бұл ретте микрокредитті одан әрі пайдаланғаны үшін сыйақы берешек қалдығынан есептеледі. Ішінара өтелгеннен кейін берешек қалдығының сомасы 1 000 теңгеден кем болмауы тиіс. Ішінара өтеудің ең аз сомасы ішінара өтеуге дейінгі берешек қалдығының 10% құрайды. Ішінара өтеу сомасына және ішінара өтеуден кейінгі берешек қалдығының сомасына қатысты сыйақы микрокредит берілген күннен бастап нақты күндер саны үшін төленеді.

6.12. Микрокредит берілген күннен бастап кез келген уақытта микрокредит сомасын өтеуге болады. Микрокредит сомасын өтеген кезде Қарыз алушы Ломбардқа микрокредит пайдаланған күндердің нақты саны үшін сыйақы төлейді. Микрокредитті өтеу жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде Қарыз алушыға микрокредит берілген Ломбардтың құрылымдық бөлімшесінде жүргізіледі.

6.13. Микрокредит шарты бойынша берешек болған жағдайда Қарыз алушы оны келесі кезектілікпен өтейді:

- 1) өсімақы (мерзімін өткізіп алғаны үшін пайыз);
- 2) микрокредитті пайдаланғаны үшін сыйақы бойынша берешек;
- 3) негізгі борыш бойынша берешек;

7. Микрокредитті пайдалану бойынша пайыздық мөлшерлемелердің шектеулері және сыйақы төлеу тәртібі:

7.1. Микрокредитті пайдаланғаны үшін Қарыз алушы Микрокредит шартында белгіленген мөлшерде және мерзімде сыйақы төлейді.

7.2. Республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің (АЕК) қырық бес еселенген мөлшерінен асатын мөлшерде жеке тұлғамен жасалған микрокредит шарты бойынша: жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесінің (ЖТСМ) шекті шамасы – 46 (қырық алты) пайыздан аспауы керек.

7.3. Жеке тұлғамен күнтізбелік қырық бес күнге дейінгі мерзімге республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің (АЕК) қырық бес еселенген мөлшерінен аспайтын мөлшерде жасалған микрокредит беру шарты бойынша – күніне 0,3 (нөлден үш) пайыздан кем, бірақ 179 (жүз жетпіс тоғыз) пайыздан аспауы керек.

7.4. Қарыз алушы Ломбардқа микрокредитті нақты пайдаланған күндер саны үшін сыйақы төлейді.

7.5 Ломбард микрокредитті пайдаланғаны үшін сыйақының жеңілдікті мөлшерлемесін белгілеуге құқылы, сыйақының мөлшері мен шарттары Микрокредит шартында көрсетіледі.

7.6 Ломбард микрокредиттерді жеңілдікті жағдайларда қайта қаржыландыруды жүзеге асырады, сыйақының жеңілдікті мөлшерлемесінің мөлшері және өсімақы (мерзімін өткізіп алғаны үшін пайыз) Микрокредит шартында көрсетіледі.

8. Ломбард қабылдаған кепілге қойылатын талаптар:

8.1 Микрокредиттерді қамтамасыз ету үшін Ломбард алтыннан, сондай-ақ олардың бөліктерінен (сынықтарынан) жасалған зергерлік және өзге де бұйымдарды әрбір бұйым бойынша Микрокредит шартын (бұдан әрі-Кепіл мүлкі) ресімдеу жолымен 583-тен 999-ға дейінгі сынамаларды қабылдайды.

8.2 Кепіл мүлкіне қойылатын талаптар Ломбардтың ішкі нормативтік құжаттарымен айқындалады.

8.3 Кепіл мүлкін қабылдау кезінде Ломбард спектральды рентген-флуоресценттік талдау әдісін қоса алғанда, алтынның құрамын анықтау үшін талдаудың әртүрлі әдістерін қолдануға құқылы. Қарыз алушы Кепіл мүлкін сынақтан өткізуден немесе тексеруден бас тартқан жағдайда Ломбард Қарыз алушыға осындай мүлкті кепілге қабылдаудан бас тартуға құқылы.

8.4 Кепіл мүлкін қарау және бағалау кезінде Ломбард Кепіл мүлкінің Ломбардтың талаптарына сәйкес келмеуі, Ломбардта Қарыз алушыда теріс кредиттік тарихтың болуы және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де негіздер бойынша Қарыз алушыға микрокредит беруден бас тартуға құқылы.

8.5 Микрокредит алған кезде Қарыз алушы Кепіл мүлкін Ломбардқа береді. Ломбард Микрокредит шартының мерзімі аяқталғанға дейін Кепіл мүлкін пайдаланбайды және оған билік етпейді. Кепіл мүлкін қайтару Қарыз алушыға немесе оның уәкілетті өкіліне нотариалды куәландырылған сенімхат болған кезде, сондай-ақ Қарыз алушы микрокредит сомасын, Ломбардқа тиесілі сыйақылар мен өзге де төлемдерді толық өтегеннен кейін растайтын құжаттарды ұсынған кезде Қарыз алушының мұрагерлеріне жүргізіледі.

8.6 Қарыз алушы Микрокредит шарты бойынша міндеттемелерді бұзған жағдайда Ломбард өз талаптарын қанағаттандыру үшін Кепіл мүлкін заңнамада/Микрокредит шартында көзделген тәртіппен Кепілдікті күту кезеңі аяқталғаннан кейін сатуға құқылы.

9. Микрокредиттер бойынша жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесін есептеу қағидалары және микрокредиттерді өтеу әдістері:

9.1 Ломбард Микрокредит шартында жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесін (бұдан әрі – «ЖТСМ») көрсетеді.

9.2 ЖТСМ есептеу жүзеге асырылады:

- Микрокредит шартын, оған қосымша келісімдерді жасау күніне;
- Қарыз алушының ауызша немесе жазбаша талабы бойынша;

- Қарыз алушының ақшалай міндеттемелерінің сомасын (мөлшерін) және (немесе) оларды төлеу мерзімін өзгертуге әкеп соқтыратын Микрокредит шартына өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жағдайда.

Қарыз алушының ақшалай міндеттемелерінің сомасының (мөлшерінің) және (немесе) оларды төлеу мерзімінің өзгеруіне әкеп соқтыратын Микрокредит шартының шарттары өзгерген кезде, ЖТСМ нақтыланған мәнін есептеу Микрокредит шартының қолданылу мерзімінің басынан бастап Қарыз алушы жүргізген микрокредит бойынша төлемдерді есепке алмай, талаптар өзгертілетін күнгі микрокредитті өтеудің қалған мерзімі, берешектің қалдығы негізге алына отырып жүргізіледі.

9.3 Ұсынылатын микрокредиттер бойынша ЖТСМ келесі формула бойынша есептеледі:

$$\sum_{j=1}^n \frac{S_j}{(1 + APR)^{tj/365}} = \sum_{i=1}^m \frac{P_i}{(1 + APR)^{ti/365}}$$

мұнда:

n - Қарыз алушыға соңғы төлемнің реттік нөмірі;

j - Қарыз алушыға төлемнің реттік нөмірі;

Sj - Қарыз алушыға j-ші төлем сомасы;

APR - жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі;

Tj - микрокредит берілген күннен бастап Қарыз алушыға j-ші төлеу сәтіне дейінгі уақыт кезеңі (күндермен);

m - Қарыз алушының соңғы төлемінің реттік нөмірі;

i - Қарыз алушы төлемінің реттік нөмірі;

Pi - Қарыз алушының i-ші төлемінің сомасы;

ti - микрокредит берілген күннен бастап Қарыз алушының i-ші төлемі сәтіне дейінгі уақыт кезеңі (күндермен).

9.4 Егер ЖТСМ есептеу кезінде алынған сан бір ондық белгіден артық болса, ол былайша оныншы үлестерге дейін дөңгелектенуге жатады:

1) егер жүздік үлес 5-тен көп немесе тең болса, оныншы үлес 1-ге ұлғайтылады, одан кейінгі барлық белгілер алынып тасталады;

2) егер жүздік үлес 5-тен аз болса, оныншы үлес өзгеріссіз қалады, одан кейінгі барлық белгілер алынып тасталады.

9.5 Микрокредит бойынша ЖТСМ есебіне Қарыз алушының негізгі борышты және (немесе) сыйақыны төлеу бойынша микрокредит шартының талаптарын сақтамауына байланысты туындаған төлемдерін (өсімпақыны, айыппұлды) қоспағанда, Қарыз алушының барлық төлемдері енгізіледі.

9.6 Қарыз алушылардың Ломбардқа жүргізген төлемдері және Ломбардтың Қарыз алушыларға төлемдері олардың нақты төлемдері күніне ЖТСМ есептеу мақсатында, ал болашақ - төлемдер кестесі бойынша ескеріледі.

9.7 Ломбардтағы микрокредитті өтеу әдісі - бір жолғы төлеммен немесе Қарыз алушының қалауы бойынша ішінара (бөліп-бөліп).

10. Ломбардтағы заттарды сақтау ережелері:

10.1 Ломбард алтыннан жасалған зергерлік және өзге де бұйымдарды, сондай-ақ олардың 333-тен 999 сынамаға дейінгі бөліктерін (сынықтарын) (бұдан әрі - Зат) сақтауды жүзеге асырады.

10.2 Сақтау шартын жасау Ломбардтың әрбір бұйымға атаулы сақтау түбіртегін беруімен рәсімделеді. Ломбард пен Сақтауға зат тапсырушының өз еркін білдіруін айқындайтын электрондық құжаттармен немесе өзге де құжаттармен алмасуы, сондай-ақ Сақтау шартын - жазбаша түрдегі атаулы Сақтау түбіртегін жасауға теңестіріледі.

10.3 Сақтауға тапсырылатын Затты бағалау тараптардың келісімі бойынша жүргізіледі.

- 10.4 Затты сақтауға қабылдаған кезде Ломбард спектральды рентген-флуоресценттік талдау әдісін қоса алғанда, алтынның құрамын анықтау үшін талдаудың әртүрлі әдістерін қолдануға құқылы, Сақтауға зат тапсырушы сақтауға тапсырылатын затты сынамаалаудан немесе тексеруден бас тартқан жағдайда Ломбард мұндай затты сақтауға қабылдаудан бас тартуға құқылы.
- 10.5 Затты қарау және бағалау кезінде Ломбард Сақтауға зат тапсырушыға Ломбардтың талаптарына және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де негіздерге сәйкес келмеуіне байланысты сақтауға қабылдаудан бас тартуға құқылы
- 10.6 Сақтау мерзімі мен сақтағаны үшін сыйақының мөлшері тараптардың келісімімен Сақтау шартында айқындалады.
- 10.7 Сақтау үшін сыйақы сақтау шарты тоқтатылғанға дейін кез келген уақытта нақты сақтау күндерінің саны үшін төленеді. Ломбардтың сақтауға арналған шығыстары сыйақы мөлшеріне енгізілген.
- 10.8 Сақтау мерзімі аяқталғаннан кейін Сақтауға зат тапсырушы өз Затын кері алуға немесе сыйақы төленген жағдайда сақтау мерзімін ұзартуға міндетті.
- 10.9 Сақтау мерзімі затты сақтағаны үшін сыйақы нақты төленген күндер санына толық/ішінара төленген кезде ұзартылады. Сақтауға зат тапсырушының қалауы бойынша ұзарту Ломбардтың кез келген филиалында, сондай-ақ сайттың жеке кабинеті немесе QIWI-терминалдар арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.
- 10.10 Сақтау мерзімі затты сақтағаны үшін сыйақы нақты төленген күндер санына толық/ішінара төленген кезде ұзартылады. Сақтауға зат тапсырушының қалауы бойынша ұзарту Ломбардтың кез келген филиалында, сондай-ақ сайттың жеке кабинеті немесе QIWI-терминалдар арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.
- 10.11 Затты толық кері алған (Сақтау шартының қолданылуы тоқтатылған) кезде Сақтауға зат тапсырушы Ломбардқа нақты сақтау күндерінің саны үшін сыйақы төлейді.
- 10.12 Сақтау шарты бойынша Сақтауға зат тапсырушыға Затты беру Ломбардқа тиесілі сыйақылар мен өзге де төлемдердің сомасы толық өтелгеннен кейін осы Ереженің 3-тармағында келтірілген құжаттарды көрсеткен кезде олар сақтауға қабылданған Ломбард бөлімшесінде жүргізіледі.
- 10.13 Егер сақтауға тапсырылған Затты Сақтауға зат тапсырушы сақтаудың мерзімі өткеннен кейін талап етпесе, Ломбард Сақтау шартында көзделген бұл үшін тұрақсыздық айыбын ала отырып, оны үш ай бойы сақтауды жүзеге асырады.
- 10.14 Ломбард заттарды Сақтауға зат тапсырушының пайдасына сақтауға қабылданған затты жоғалту және зақымдану қаупінен оны бағалау сомасына сақтандырады.
- 10.15 Ломбард сақтауға тапсырылған Затты пайдалануға құқылы емес және сақтауға қабылданған Заттың жоғалғаны, кем шыққаны немесе бүлінгені үшін бағалау сомасын негізге ала отырып жауап береді. Ол Заттың жоғалуы, кем шығуы немесе зақымдануы еңсерілмейтін күшпен немесе заттың өзінің қасиеттерімен немесе Сақтауға зат тапсырушының пиғылымен немесе өрескел абайсыздығынан туындаған жағдайларда заттың сақталмағандығы үшін жауапкершіліктен босатылады.
- 10.16 Сақтауға зат тапсырушы Ломбардпен жасалған өзге шарттар негізінде қабылданған міндеттемелерді толық көлемде орындамаған кезде Ломбард сақтауға қабылдаған Затты ұстап қала отырып, Сақтау шартын мерзімінен бұрын бұзуға келісім береді;
- 10.17 Сақтауға зат тапсырушы өзі Затты алу бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, сол сияқты Затты кері алудан жалтарған кезде Ломбард Сақтауға зат тапсырушыға кемінде бір ай бұрын ескертілгеннен кейін талап етілмеген Затты соттан тыс

мәжбүрлеп сатуға құқылы және Сақтауға зат тапсырушының соттан тыс сатуға қатысты Ломбардқа қандай да бір талаптары жоқ екеніне келіседі.

11. Қортынды ережелер:

11.1 Сақтауға зат тапсырушы талап етілмеген Зат сатылғанға дейін кез келген уақытта Ломбард алдындағы өз міндеттемелерін орындай отырып, оған өндіріп алуды тоқтатуға құқылы

11.2 Ломбард осы Ережелерге бір жақты тәртіппен өзгерістер мен толықтырулар енгізуге құқылы.

11.3 Осы Ережемен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешілуге жатады.